№49 (23413)
Jūma,
3 şilde 2026 jyl

SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

Gazet 1920 jyldyñ 22 aqpanynan şyğa bastady

soltustikkaz.kz facebook.com/soltustikkaz instagram.com/soltustikkaz kyzylzhar_akparat@mail.ru

PREZIDENT

ЕЛІМІЗДЕ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ДӘУІР БАСТАЛДЫ

Отандық парламентаризмнің бір кезеңі тарихқа еніп, тұтас ел болып қабылдаған жаңа Ата заңымыздың күшіне енуімен осы саланың дәуірі басталды. Осыған орай елордамызда Парламент палаталарының соңғы бірлескен отырысында өткенге есеп беріліп, келешекке жоспарланған мақсат-міндеттер айқындалды. Мәжіліс төрағасы Ерлан Қошанов модераторлық еткен жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев сөз алып, елдік тарихи оқиғаның мән-маңызына тоқталды.

▶2-5

MEREKELIK QŪTTYQTAU

Құрметті солтүстікқазақстандықтар!

Баршаңызды Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – еліміздің қарқынды дамуының, халқымыздың бірлігі мен болашаққа деген нық сенімінің жарқын белгісі.

«Астана қаласының мәртебесі туралы» қабылданған Заң инвестициялар, инновациялар, білім, мәдениет және халықаралық ынтымақтастықтың күретамыры ретінде елордамызды одан әрі дамытуға мемлекет тарапынан ерекше көңіл бөлінетінін айғақтайды. Бұл құжат Астананың тәуелсіз Қазақстанның өркендеуінің символы әрі заманауи мегаполис ретіндегі орнын одан әрі бекемдей түседі.

Бүгінде Қазақстан заң үстемдігіне, жауапкершілікке, адал еңбек пен азаматтардың әл-ауқатына негізделген Әділетті мемлекет құру жолында нық қадам жасауда.

Елорда – осы құндылықтардың жарқын көрінісі. Ол әртүрлі этнос пен ұрпақ өкілдерін ортақ мақсатқа, Отанымыздың өсіп-өркендеуіне деген ортақ ұмтылысқа біріктіріп отыр.

Солтүстік Қазақстан облысы да еліміздің дамуына лайықты үлес қосуда. Өңір тұрғындары адал еңбегімен, кәсібилігімен және туған жерге деген сүйіспеншілігімен облыстың әрі тұтас республиканың экономикалық әлеуетін нығайтып, өзара түсіністік, бейбітшілік пен келісім дәстүрлерін сақтауда.

Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында Қазақстанның тұрақты дамуына берік негіз қалап, ауқымды реформаларды табысты жүзеге асырып, әрбір азаматтың өмір сүру сапасын одан әрі жақсарта түсетінімізге сенім мол.

Осы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, бақ-береке, отбасыларыңызға амандық, бейбіт өмір, жақсылық, толайым табыс және жарқын болашақ тілеймін!

Астана күні құтты болсын! Әсем елордамыздың мерейі үстем, тәуелсіз Қазақстанымыздың абыройы асқақ болсын!

Ғауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

KEREK DEREK

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанда 4894 ауыл шаруашылығы кооперативі қызметін жүзеге асырды. Бұл 2024 жылмен салыстырғанда 429 кооперативке немесе 9,6 пайызға көп. Негізгі қызмет түрлері бойынша ең үлкен үлесті мал шаруашылығы саласындағы кооперативтер құрайды. Сонымен қатар аралас ауыл шаруашылығы саласына маманданған 1554 кооператив жұмыс істейді.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ

ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі – бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызнама» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірлігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті – Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!

Халқымыз мәңгі жасасын!

БАҚ ӨКІЛДЕРІНЕ – БАСПАНА

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне орай С.Мұқанов атындағы қазақ сазды-драма театрында салтанатты жиын өтті. Журналистер мен сала ардагерлерінің басын қосқан мереке бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің қоғамдағы маңызды рөлін тағы бір мәрте паш етті. Облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан екі адамға пәтер кілтін табыстады.

▶7

ҚАЗАҚТЫҢ АЛТЫН ДАУЫСЫ

▶9

ҚҰТТЫ МЕКЕН – ҚАРАҚАМЫС



▶10

SOLTÜSTIK QAZAQSTAN

RUHANIAT

№49 (23413) Jūma, 3 şilde 2026 jyl

ӘЙ, ДҮНИЕ-АЙ!

(Соңы. Басы өткен сандарда)

Төменгі ауылды қырып салыпты деген хабар құлағына тиген жұрт алды-артына қарамай қашты. Тігулі үй тігулі қалпында қалды. Малға қарайтын мұрша болмады. Үрей билеген ел өткел іздеп әуре болған жоқ, кез келген жерден секіріп түсіп, бірталай адам бекерден-бекер суға батып өлді. Өлімнен қашқан адамның өлімге өзі барып қырылып жатқанын көрдік. Қаншама әйел, қаншама бала көз алдымызда өзенге ағып, көз алдымызда өзенге батып жатты, есеп жоқ. Әркім өз басымен қайғы, өзіне өлім төнген адам өзгені ойламайды екен. Біз де қашып қайнағалардың қасына келдік. Осының бәрін істеп отырған орыс біздің отағасын аяйды деймісіз?

— Жаңа өзің айтпақшы, «қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі». Орыс аямаса да, құдай аяр, қарағым, қайдан білейік.

— Қазақ қашса да, қашпаса да ажалдан құтылмай тұр ғой, апа.

***

Бұған дейін Серікбайды жоқтағандар енді оны іздеп кеткен Нүсіпбек, Әйімбек, Келгембай — үшеуін қоса жоқтай бастады. Тазабекпен бірге шыққан олар әлі оралмады. Әсіресе Қожабектің қабырғасына бұл жағдай қатты батты: бір бауырын іздеймін деп, екіншісінен тағы айрылды. Енді оларды өзі іздеп қайтуға бекінді. Оған Серікбайдың кенже інісі Тұрлыбай, тағы бірнеше адам ілесті. Тұрлыбайдың өз мылтығы бар екен, Қожабек Тазабектікін алды.

— Қатын-қалаш, мал-жан — бәрі саған аманат, — деді кетерінде Тазабекке. — Сайдың аузын көзден таса қылмаңдар. Тұтқиыл келіп, қырып кетіп жүрмесін.

***

Қазақтың өлуі, орыстың өлтіруі адам таңданатын оқиға болмай қалды. «Анау өліпті», «ананы атып кетіпті», «мынаны шауып кетіпті» деген сөз қазір ешкімге әуелгідей әсер етпейді. «Бала бермейміз» дегеніміз үшін дәл бұлай қырып салады деп бірде-бір қазақ ойламаған. «Бізбен де санасар» деген сандалбай сәуегейлікке сенген. Қазір, міне, қашудан басқа қайласы жоқ. Онда да түн жамылып қана. Өз жерінен, өз елінен безіп, өзгеден пана іздеуге мәжбүр. Еркегіміз бүгін өлмесе, бәрібір ертең өледі дей ме, қазір әйелдер күйеуінен бұрын бала-шағасын қорғаштайды. Онысы ақыл ма, түйсік пе әлде үрейдің үйреткен үміті ме — оны Шәйі білмейді. Талай нәрсені Жүзікке қарап түсінеді. Балалармен бірге мал бағып жүрген Сәменді ол бір сәт көзінен таса қылғысы жоқ. Онсыз күнім қараң деп ұғады. Шәйіге де Сәмен — жалғыз бауырының көзі. Оны көргенде, бүкіл өртенген үй іші көз алдына келеді. Солардан қалған сарқыншақ санайды. Түске таман жеңгесі:

— Жібекжан, жүрші, Сәмендерді бір байқап қайтайықшы. Жақын жер ғой, — дегенде, соның бәрін түсінгеннен Шәйінің жүрегі бір сәт тоқтап барып, қайта жүріп кеткен тәрізденді.

— Апам жіберсе, барайық, — деді Қалишаға көз қиығын тастап.

— Бара ғой, қалқам. Жалғыз емеспін, жанымда Жәмеш бар ғой.

— Оның да бізбен бірге баруға қысылатын шығар?

— Жеңгең екеуіңнің оңаша әңгімелеріңе кедергі боп қайтем, өздерің бара беріңдер.

— «Бара бер» десең, бара берейік.

Былай шыққан соң, әңгімені Жүзік бастады:

— Мен бақытсыз боп қалсам да, сен бақытты болдың, Жібекжан. Ол да маған медет. Тазабек — текті бала. Арғы-бергіні — бәрін ойлайды, әкесіне тартқан.

— Маған оның кек алам дегені ұнамайды, Жүзік. Айтпайды, бірақ байқаймын, өткен жолы Қожабек ағалармен бірге кеткенде, Жалаңаштағы екі орысты іздеп қайтты. Оларды өлтірем деп жүріп, өзі өліп қала ма деп қорқам. «Ашу ақылды азайтады», — деуші еді ғой апам.

— Қорқуын қорқасың ғой, Жібекжан. Бірақ елдің кегін еркек қайтармаса, енді кім қайтарады? Өзің ойлап қарашы, мен жесір болатындай, сені мен Сәмен жетім қалатындай не жазығымыз бар? Қолымнан келмейді, келсе, мен де кегімді алар едім, әттең! «Судың да сұрауы бар» дейді қазақ, сонда немене, халықтың қаны сұраусыз ба? Оны мен білгенде, Тазабек білмей ме? Біледі. Тек ішінде ит өліп жатса да, сыртқа шығармайды. Өйткені ол — еркек. Нағыз еркек солай болуы керек. Сен оның айтқан сөзін емес, айтпаған сөзін түсін.

— Ол үшін мен де нағыз әйел болуым керек қой?

— Сен де нағызсың, теңісің.

— Жүзік, мен бір сыр айтсам, мазақ қылмайсың ба?

— Обай, мен сені қашан мазақ қылып ем?

— Ұялам.

— Бұрын мен әйел, сен қыз кезіңде ұялам дегенің орынды еді, енді екеуміз де әйел болғанда, ұялам дегеніңе жол болсын. Әйел әйелден ұялушы ма еді? Айта бер.

— Мен бұрын еркек тек бала сүю үшін керек деп ойлайтынмын.

— Сөйтсең?

— Сөйтсем, ол, тегі, сан түрлі өнері бар сиқыршы секілді екен ғой: сүйсініп, құмартып, біресе жаның кіріп жанталасасың, біресе жаның шығып бара жатқандай жанталасасың. Құдай-ау, жаныңды қоярға жер таппайсың. Бақайыңның тырнағына дейін балқып бара жатқандай боласың.

— Солай ма? Есіңде ме, баяғыда: «Мұндай екенін неге ерте айтпағансың деп, әлі маған бәле саларсың» дегенім.

— Болды, болды. Жаңа мазақтамаймын дегенсің.

...Шешесі мен әпкесін көріп, Сәмен қастарына өзі келді.

— Балам-ау, сырт киіміңді шешпей ойнасаңшы, мұздайсың ғой, — деді Жүзік баласын кеудесіне қысып.

— Бәрі шешіп тастады, ыстықтап кеттік.

Шәйі Сәменді құшақтап, шашынан иіскеді.

— Тер қатып қалмасын, ойнап біткен соң тез киініп ал. Қарның ашқан жоқ па? Қалтамда бір құрт жүр екен. Мә, аузыңа сала қойшы!

— Әкел, әпке. Кеттім, апа.

— Бара ғой, құлыным. Байқап жүгірші!

Жүзік пен Шәйі көздері жасаурап, Сәменнің соңынан елжіреп қарады. Екеуіне де болашақ өмірлері Сәменмен бірге шапқылап бара жатқандай көрінді.

— Құдай енді осымның қызығын көрсетсе, ештеңеден кенде қалдым деп қынжылмаймын. Тұқымымен типыл боп жатқандарды естігенде, бұл күніме де іштей тәубә қылам. Бір Тазабектің ортамызда жүргені — ол да құдайдың бізге жасаған қайырымдылығы. Ол болмаса, өңкей қатын жылап-еңіреп, ес жыя алмай жүретін ек.

— Мен сенің аман қалғаныңа, сол күні Сәменді ала кеткенімізге тәубә қылам. Сәмен екеуің болмасаңдар, менің күнім не болатын еді? Түу, басым айналып кеткенінші. — Шәйі Жүзіктің иығына басын сүйеді. — Қай-қайдағыны ойлағандікі ме?

— Жібекжан, бері, маған тура қарашы! Жүрегің айнымай ма?

— Сәл-пәл.

— Құдай құтты қылсын, жаным! Көтеріп қалғансың ғой.

— Қойшы, теп-тез-ақ па?

— Жаңа өзің де мойындадың ғой бәрінің теп-тез боп жатқанын.

— Түу, саған бекер айтқан екем соны. Қайта-қайта бетіме баса бересің енді.

Бірі өкпелегенсіп, екіншісі өкпесін тарқатқансып, екі келіншек бір-біріне сүйкене, біріне бірі сүйене сылқ-сылқ күліп үйге қайтты.

Бексұлтан НҰРЖЕКЕЕВ.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Актобе-GLASS» («Актобе-ГЛАСС») ЖШС II санаттағы объектілерге әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін материалдар бойынша шығарындылардың рұқсат етілген нормативтеріне, басқарма бағдарламасына, экологиялық бақылау бағдарламасына, табиғатты қорғау іс-шараларының жоспарына ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Объектінің географиялық координаттары: 53.287738 С. Е., 71.812760 ш. б.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылдың 6 тамыз күні сағат 12:00-де мына мекенжайда өтеді: СҚО, Ақжар ауданы, Айсары ауылы, Абай көшесі, 3. Сондай-ақ конференцияға «ZOOM» платформасына мына сілтеме арқылы қосылуға болады: https://us05web.zoom.us/j/87679897845?pwd=JRI2Ghh1REbaDDAXSbrmcEi2H50eSM.1, конференцияның иденфикаторы: 876 7989 7845, қол жеткізу кіру коды: 0ygtUh.

Жобаға тапсырыс берушілер: «Актобе-GLASS» («Актобе-ГЛАСС») ЖШС (СҚО, Ақжар ауданы, Ленинградское ауылы, М.Жұмабаев көшесі, 1, БСН: 040440009926, телефоны: 8-715-2-462538).

Жобаны жасаушы: «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» ЖШС (Петропавл қаласы, Горький көшесі, 166. БСН: 110940000580, телефоны 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Жобаның материалдары https://hearings.ndbecology.gov.kz/ (ашық жиналыстар) сайтында және жергілікті атқарушы органның https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru сайтында орналасқан.

Ескертпелелер мен ұсыныстар мына мекенжайда қабылданады: Петропавл қаласы, Парк көшесі, 57В, «СҚО әкімдігінің табиғат ресурстары және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ-і, тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Қосымша ақпаратты 850828@mail.ru электрондық поштасы және 87152502525 телефоны арқылы алуға болады.

***

«АвтоТранс СКО» ЖШС (БСН: 220640017719, мекенжайы: СҚО, Петропавл қ., Промышленная қ, 7) өз қызметін ерікті түрде тоқтату (тарату) рәсімінің басталғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім ішінде қабылданады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Актобе-GLASS» («Актобе-ГЛАСС») информирует общественность о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по проекту нормативов допустимых выбросов, ПУО, ППЭК, ПМ, для получения разрешения на воздействие для объектов 2 категории.

Географические координаты объекта: 53.287738 с. ш., 71.812760 в. д.

Место и время проведения общественных слушаний: СКО, Акжарский район, с. Айсаринское, ул. Абая, 3, 06.08.2026 г, в 12:00 ч. Также для участия в конференции можно подключиться по ссылке на платформе ZOOM: https://us05web.zoom.us/j/87679897845?pwd=JRI2Ghh1REbaDDAXSbrmcEi2H50eSM.1, идентификатор конференции: 876 7989 7845, код доступа: 0ygtUh.

Заказчик проекта: ТОО «Актобе-GLASS» («Актобе-ГЛАСС») (СКО, Акжарский район, с. Ленинградское, ул. М.Жумабаева, 1, БИН: 040440009926 Тел.: 8-715-2-462538).

Разработчик проекта: ТОО «ПЕТРОЭКОЦЕНТР-Логистики» (г. Петропавловск, ул. Горького, 166. БИН: 110940000580 Тел: 50-25-25, e-mail: 850828@mail.ru).

Материалы проекта размещены на сайте https://hearings.ndbecology.gov.kz/ (Открытые собрания) и на сайте МИО https://www.gov.kz/memleket/entities/sko-tabigat?lang=ru (раздел «Общественные слушания»).

Замечания и предложения принимаются по адресу: г. Петропавловск, ул. Парковая, 57В, КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования акимата СКО». Тел.: 53-36-38, e-mail: dpr@sko.gov.kz.

Дополнительную информацию можно получить по e-mail: 850828@mail.ru и по телефону 87152502525.

***

Нотариус Северо-Казахстанского нотариального округа города Петропавловска Аскен Кайроллинович Жолдасов извещает об открывшемся наследстве после смерти гражданина Владимира Николаевича Мазурова, умершего 05 мая 2026 года.

Прошу наследников обратиться к нотариусу по адресу: СКО, г. Петропавловск, ул. Конституции Казахстана, 72, тел.: 33-14-08, в срок до 05 ноября 2026 года.

***

Нотариус Северо-Казахстанского нотариального округа г. Петропавловска Мантаева А.А. извещает об открытии наследства после смерти гр. Буркутовой Арайлым Конаковны, умершей 26.06.2026 года. Наследникам, кредиторам необходимо обратиться по адресу: СКО, г. Петропавловск, улица Нурсултана Назарбаева, дом №205, телефон: +7 (7152) 34-03-27, +7705-125-82-11 нотариусу Мантаевой А.А. до 26 декабря 2026 года.

«Қызылжар-Ақпарат» ЖШС-ның ұжымы Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектептің директоры, газет жанашыры Айнагүл Есқалиеваға жұбайы

Жасұлан Жомартұлы ЕСҚАЛИЕВТЫҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Сіздер басқа ақпарат құралдарына қарағанда бағасы арзан және тиімді «Soltüstik Qazaqstan» газеті арқылы ата-аналарыңызды, туған-туыстарыңызды, жора-жолдастарыңыз бен әріптестеріңізді:

– туған күнімен;
– мектеп табалдырығын аттауымен;
– үйлену тойымен;
– мерейтойымен;
– зейнет демалысына шығуымен және тағы басқа да қуаныштарымен құттықтап, жеке хабарландырулар бере аласыздар.

Біздің мекенжайымыз: Петропавл қаласы, К.Сүтішев көшесі, 7.

Электронды мекенжайымыз: «kyzylzhar_akparat@mail.ru», тел.: 8 (7152) 50-09-15, 8 777-495-67-90.